



2020 жылдын 4 ақпаны күні сағат 11.00-де С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының «Коворкинг» орталығында «Ак қауырсын» клубының мүшелерімен бірге «Оқитын өлке» облыстық акциясы аясында «Рухани жангыру: өнер өлкесінде» атты поэзия сағатын өткізді.

Мақсаты: «Оқитын өлке» акциясы бойынша ақын Мейірхан Ақдәулетұлы және әнші, ақын, домбырашы Нұрпейіс Байганиннің шығармашылығымен таныстыру. Оқу мәдениетін дамыту және қолдау, тарихи-мәдени және рухани құндылықтарды сақтау, жастар мен қалың жұртшылық арасында өлкелік әдеби туындыларды кенінен насихаттау. Шара барысында кітапханашы Лаура Ерікқызы ақынның өмір жолын, олардың қаламынан шыққан туындылары туралы айтып берді. Ақтобе гуманитарлық колледжі «Кітапхана ісінің» студенттері Нұрсұлу Жолан, Ардақ Отегенова ақын Мейірхан Ақдәулетұлының қаламынан шыққан «Бейуақыттағы мінәжат», «Қыз. Тоба» өлеңдерін, сонымен қатар «Ак қауырсын» клубының мүшелері Ансаған Амангелді мен Үзілхан Сәбиева өлкелік ақындардың өлеңдерін оқыды. Жастар сұрақтар қойып, өзара пікір алмастырды. Шарада «Оқитын өлкеде - бар болашақ» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге библиографиялық шолу жасалды. Сонымен бірге тақырыпқа сай слайд көрсетілді. Шараға Ақтобе гуманитарлық колледжінің студенттері, оқырман қауым, «Ак қауырсын» жас ақындар клубының мүшелері қатысты.

«Рухани жанғыру: өнер өлкесінде» атты поэзия сағаты

Автор: Administrator
02.02.2020 00:00 -

